



Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 13 ақпандағы N 12-3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 ақпанда N 5-16-72 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 9-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай аудандық мәслихатының 21.12.2012 N 9 -9 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуация мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 6 бабының және Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 55, 56 баптарының негізінде Тарбағатай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету нұсқаулығы б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Ақылжанов

Т а р б а ғ а т а й

а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

М. Мағжаев

Тарбағатай

аудандық

мәслихатының

2009

жылғы

13

ақпандағы

№ 12-3 шешімімен бекітілді

Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету нұсқаулығы

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2009.10.23. № 16-10 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Осы нұсқаулық Тарбағатай ауданының аумағындағы азаматтардың санаттарына материалдық көмек көрсетудің тағайындалуын белгілейді.

1. Жалпы бөлім

1. Аудан көлеміндегі әрбір ауыл округінде тұратын Республикаға, облыс алдында айрықша еңбегі сіңген дербес зейнеткерлерге ай сайын материалдық көмек көрсетіледі, оған берген өтінішке сәйкес бюджеттен қаржы бөлінеді.

2. Материалдық көмек тағайындау

Ескерту. Бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - **Тарбағатай аудандық мәслихатының 2009.07.21. № 14-8 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).**

1. Республикалық, облыстық маңызы бар дербес зейнеткерлерге материалдық көмек көрсету үшін төмендегі құжаттарды ұсынады.

- 1) Ө т і н і ш ;
- 2) Жанұя құрамы туралы анықтама;
- 3) С Т Н ;
- 4) Төлқұжаттың көшірмесі;
- 5) Дербес зейнеткер екендігін дәлелдейтін кітапшаның көшірмесі (не болмаса а н ы қ т а м а) .

2. Жинақталған құжаттарды аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тапсырады.

3. Материалдық көмек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне толық құжаттары өткен күннен бастап есептелінеді.

4. Берілген материалдық көмек балаларға жәрдемақы тағайындаған кезде табыс көзіне есептеледі.

3. Материалдық көмекті төлеу

Ескерту. Бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - **Тарбағатай аудандық мәслихатының 2009.07.21. № 14-8 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).**

1. Материалдық көмекті төлеу жергілікті бюджет қаражаттарының есебінен өтініш берушілердің жеке шоттарына түседі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - **Тарбағатай аудандық мәслихатының 2009.07.21. № 14-8 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) .**

2. Материалдық қаржылай көмек көрсету аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен аудандық «Казпочта» ашық акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК